

А.А. Курманов<sup>1\*</sup>, С.Б. Курманова<sup>2</sup><sup>1</sup> «Олимп» ҚДЗ ЖШС, Астана, Қазақстан;<sup>2</sup> С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: team3d@inbox.ru, saule\_kurmanova@inbox.ru )

## Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті құқықтық реттеу

Қоғамдық инфрақұрылымды дамыту өз кезегінде жеке бизнес пен мемлекеттің өзара іс-қимылының әртүрлі нысандарын пайдалануды талап етеді. Осындай нысандардың қатарына мемлекеттік-жекешелік әріптестік кіреді. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік инвестицияларды тарту, бюджеттік ресурстарды үнемдеу, бәсекелестік пен кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру сияқты оң нәтижелер беріп, көптеген дамыған мемлекеттерде сәтті қолданылуына байланысты, оның реттелуі елдің нормативтік құқықтық актілерінде де өз орнын тапқан. Мәселен, қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығының келтірген ақпаратына сәйкес, тек білім саласында ғана 2020 жылдың 1 маусымына дейін 786 мемлекеттік-жекешелік әріптестіктік шарты жасалған. Бұл жасалған барлық шарттың 56 пайызын құрайды. Мақаланың мақсаты — мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің әртүрлі құқықтық нысандарын нормативтік-құқықтық реттеудің ерекшеліктерін талдау. Мақалада авторлар жария-жекешелік әріптестікті құқықтық реттеу қағидаларының мазмұнын жан-жақты зерттеген, тұжырымдаған және мәнісін ашқан. Аталған мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерде бар ұстанымдар талданып, олардың осы мәселе төңірегіндегі жаңаша ойлары қарастырылған. Халықаралық ұйымдардың, сонымен қатар экономикасы өзара тығыз байланысқан ЕАЭО елдерінің нормативтік құқықтық актілері талданған. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік институтының мәнін білдіретін бастапқы қағида-тар, ережелер сияқты қағидалар құқықтық реттеудің біркелкілігін қамтамасыз ету үшін заңнамалық тұрғыдан бекітілуі керек екендігі дәлелденді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде құқықтық реттеу тетіктері ашылып, басқа елдердің тәжірибелерімен салыстырылып, артықшылықтары мен кемшіліктері ашылған.

*Кілт сөздер:* жария-жекешелік әріптестік, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, құқықтық реттеу қағидалары, мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидалары, міндеттері, субъектілер, реттеу, жеке әріптес, ЕАЭО.

### *Kipicne*

2015 жылы ЕАЭО кеңістігіндегі бірқатар мемлекеттермен бірге, Қазақстан Республикасында да елдегі мемлекеттік-жекешелік әріптестікті реттейтін «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заң қабылданды. Алайда бұл саланың Қазақстанда қалыптасуы мен дамуы тәуелсіздік алған сәттен бастау алады.

М.А. Алтыбасарова мен Д.Ж. Абдрахманова «Қазақстандағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің даму тенденциясы» атты мақаласында Қазақстандағы осы саладағы нормативтік базаны енгізу мен өзгертуге сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің (бұдан әрі — МЖӘ) даму тарихын 1991-1993 жылдар, 1994-2005 жылдар, 2006-2015 жылдар, 2016 жылдан қазіргі уақытқа дейін деп төрт кезеңге бөліп қарастырған [1; 174].

Атап айтқанда, біріншісі 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасы табиғи және энергетикалық ресурстардың үлкен қорына, өнеркәсіптік және көліктік әлеуетке ие болып, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінен мемлекеттік активтерді басқару элементі ретінде қарастырылған кезең. Бұл кезеңде Қазақстандағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікті реттейтін бірінші құқықтық негіз инвесторларға жалғыз құрал — концессия ұсынды. ҚР «Концессиялар туралы» бірінші заңы 1991 жылы қабылданып, 1993 жылы күші жойылды (шетелдік инвесторларға концессияға объектілерді берудің құқықтық шарттарын реттеді). Осы Заңға сәйкес концессия дегеніміз — шетелдік жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға-концессионерге мүлікті, жерді, табиғи ресурстарды жалға беру.

«Концессиялар туралы» Заң салалық болмаса да, ол негізінен табиғи ресурстарды пайдалануға байланысты жобаларды жүзеге асыруға арналған. Ол кезде мұнай мен газ ұлттық экономиканың жалғыз мүмкін қозғаушы күші ретінде қарастырылғандықтан, заңның мұнай-газ жобалары үшін арнайы әзірленгені өте орынды болды. Яғни бұл кезең негізінен тек шетелдік инвесторларға ғана арналды.

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: team3d@inbox.ru

Заң күші жойылғаннан кейін және қолданыстағы «Концессиялар туралы» Заң қабылданғанға дейін екінші кезеңде Қазақстандағы МЖӘ жобалары үшін құқықтық база Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жалпы нормалары, «Жекешелендіру туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңдары болды.

МЖӘ немесе Концессиялар туралы қандай да бір нақты заңдардың болмауына қарамастан, осы уақыт ішінде МЖӘ қағидаттарына негізделген және Қазақстанның Азаматтық құқығындағы шарт бостандығының жалпы қағидатына ғана сүйенетін жария құқық субъектілері (яғни Қазақстан Республикасы, оның өңірлері немесе қалалары) мен инвесторлар арасында бірқатар келісімдер жасалды [2; 56]. Бұл кезең осы саланы тікелей реттейтін бір салалық заңнаманың болмауына қарай, жалпы алғанда осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілердің қалыптасуына негіз болған кезең деп атауға болады.

Үшінші кезеңде, 2006 жылы «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жаңа редакциясында концессия тетігін пайдалана отырып, инвестициялық жобаларды іске асыру үшін құқықтық алаң қаланды. Мемлекеттік меншік объектілерін құруға құқықтарды шетелдік қана емес, сонымен қатар ҚР резидент-заңды тұлғаларына да беруге мүмкіндік туғызды.

Бұдан басқа, әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі 2008 жылы МЖӘ жобаларына жәрдемдесу үшін «Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» деп аталатын мамандандырылған бөлімше құрды. Орталық ұсынылатын МЖӘ-ні экономикалық бағалауға, соның ішінде концессияларға және тендерлік құжаттаманы, әлеуетті жеке серіктестердің ұсыныстарын және концессиялық жобаларды бағалау сияқты жобаларды дайындауға көмектесуге жауапты.

Төртінші кезеңде МЖӘ-ні дамытуда 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдау қуатты серпін болды, онда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев МЖӘ-ні елдің экономикалық дамуын жеделдету мақсатында пайдалануға шақырды [3]. Бұл жаңа жобалар үшін берік құқықтық және институционалдық негіз құруға үлкен қолдау көрсетті. 2015 жылдың соңында ел Үкіметі осы сәттен бастап Қазақстанның әрбір өңірі жаңа мақсатқа: жылына кемінде бес МЖӘ жобасын іске асыруға қол жеткізуі тиіс екенін ресми растады. Үкімет сонымен қатар салалық министрліктер жыл сайын қол қоюы керек МЖӘ келісімдерінің санына ұқсас мақсатты белгіледі.

Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығының деректері бойынша 2021 жылғы 1 қаңтардан «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңның қолданысы басталған сәттен бастап Қазақстанда 1,5 трлн теңге сомасына МЖӘ туралы 864 шарт жасалды [4].

#### *Әдістер мен материалдар*

Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті әкімшілік-құқықтық реттеу пәнінің құрамдас бөлігі ретінде доктриналық және заңды түрде тану осы қатынастардың әртүрлі аспектілеріне қызмет көрсететін МЖӘ жобаларын іске асырумен байланысты қатынастарды құқықтық реттеудің жекелеген проблемаларын әкімшілік-құқықтық санаттар тұрғысынан және жүйелілік қағидатын ескере отырып қайта қарау туралы сұрау салуды қалыптастырады. МЖӘ өзінің құқықтық реттеу әдіс-тәсілдерімен Ресей Федерациясының, Беларусь Республикасының, Қырғызстан Республикасының және Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген. Еуразиялық экономикалық одақ біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастыруға бағытталғанын ескере отырып, осы мемлекеттердегі МЖӘ институтына нормативтік тәсілдерді оларды ықтимал үйлестіру тұрғысынан талдау, сондай-ақ осы институттың құқықтық табиғатына қатысты қолда бар доктриналық ұстанымдарды және олардың қалыптасқан нормашығармашылық және құқық қолдану практикасымен арақатынасын бағалау қажет.

Кез келген қайта құру кезеңінде қоғам бірінші кезекте қарым-қатынастың тұрақтылығына мұқтаж. Әртүрлі қатынастарды тұрақтандыру қоғамдық өмірдің барлық салаларында конституциялық құрылысты нығайтуға ықпал етеді. Бұл құқықтық жүйенің, оның институттарының сыртқы ортамен байланысын ескеру қажеттілігін анықтайды.

Е.И. Марковская атап өткендей, «инвестициялық жобаларды іске асырудың негізгі құралы ретінде МЖӘ тетігін енгізу ықтимал тәуекелдердің туындауына және жеке бизнес пен мемлекет арасындағы жауапкершілікті бөлуге неғұрлым салмақты қарауға мүмкіндік береді. Бұл әлеуметтік-экономикалық қатынастардың әртүрлі салаларын өзгерту бағдарламаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді...» [5].

Зерттеушілер арасында осы институтқа деген қызығушылық және осы саладағы нормативтік талаптарды жүзеге асыру тәжірибесі әртүрлі бағыттар бойынша бірқатар ғылыми еңбектердің пайда

болуына себеп болды. Сонымен, мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің теориялық негіздемесі және халықаралық тәжірибені талдау А.В. Белицкая [6], М.А. Хатаева [7], В.И. Якунин [8], Ю.С. Емьянов [9], В.Н. Мочальников [10] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде баяндалған.

### *Нәтижелер*

Қазіргі уақытта қалыптасу ЕАЭО елдеріндегі МЖӘ институты институционалдық ортаны және МЖӘ жұмыс істеу әдістерін дамыту шеңберінде өтеді. Өзгерістер қоғамның әлеуметтік және экономикалық өмірін жақсарту мақсатында неғұрлым тиімді саяси және әкімшілік жүйені құруға бағытталған.

МЖӘ тетігін іске асыру мақсатында Беларусь Республикасында 2015 жылғы 30 желтоқсанда «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» № 345-З Заң (бұдан әрі — Заң) қабылданды. Заңның 1-бабына сәйкес жекеше әріптес: заңды тұлға (мемлекеттік унитарлық кәсіпорындарды, мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік бірлестіктерді, сондай-ақ акцияларының (жарғылық қордағы үлестерінің) 50%-дан астамы Беларусь Республикасына не оның әкімшілік-аумақтық бірлігіне тиесілі шаруашылық қоғамдарды қоспағанда), заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйым, мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы келісім жасасқан дара кәсіпкер бола алады. Реттеуші мемлекеттік әріптестерге Беларусь Республикасының атынан Беларусь Республикасының Президенті уәкілеттік берген мемлекеттік орган немесе Беларусь Республикасының Министрлер Кеңесі уәкілеттік берген өзге де мемлекеттік ұйым Беларусь Республикасының Министрлер кеңесіне бағынатын республикалық мемлекеттік басқару органы немесе өзге де мемлекеттік ұйым, оның атынан мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы келісім жасасқан жергілікті атқарушы және өкімдік орган сөз сөйлейтін әкімшілік-аумақтық бірлік жатады.

Жария міндеттерді шешудің тиімділігін арттыру және МЖӘ туралы Заңды дамыту үшін мемлекетте бірқатар басқа нормативтік құқықтық актілер қабылданды, онда заңнамалық ережелерді іске асыру шаралары айқындалды, концессиялық келісімшартқа негізделген инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру тәртібі белгіленді және т.б. қолданыстағы заңнамаға сәйкес жария әріптес жеке серіктеске қарағанда үлкен құқықтарға ие.

Арменияда заң шығарушы Армения Республикасының 2019 жылғы 28 маусымдағы № ЗР-113 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңын (бұдан әрі — Заң) қабылдады. Заңның 2-бабында жария әріптес — конкурста жеңімпаз деп танылған қатысушымен МЖӘ туралы шарт жасасатын заңды орган, ал жеке әріптес — жария әріптес МЖӘ туралы шарт жасасқан немесе Заңның 21-бабында көзделген тәртіппен заңды тұлғаны алмастыратын Армения Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және әрекет ететін шарттың тарабы болып табылатын жеке заңды тұлға. Заңның 22-бабына сәйкес МЖӘ субъектілері өздерінің құқықтық мәртебесі бойынша тең, жария әріптес, егер бұл Армения Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, МЖӘ туралы шартта белгіленген қызметті жүзеге асыруға жеке әріптеске айрықша құқықтарды беруге құқылы.

Өз кезегінде Қырғыз Республикасында МЖӘ жобаларын іске асыру «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қырғыз Республикасының 2021 жылғы 11 тамыздағы № 98 Заңымен реттеледі. МЖӘ саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мемлекеттік органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, мемлекеттік, муниципалдық кәсіпорындармен және мекемелермен, акционерлік қоғамдармен бірлесіп, олардың дауыс беретін акцияларының 50% және одан да көбі мемлекетке тиесілі, тиісті қызмет саласында не мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік, муниципалдық кәсіпорындар мен мекемелер, акционерлік қоғамдар, дауыс беретін акцияларының 50% және одан да көп бөлігі шағын жобалар бойынша тиісті қызмет саласында мемлекетке тиесілі, ал заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер жеке әріптес ретінде әрекет етуге құқылы (4-бап). Заң шығарушы (14-бабының 1-тармағы) мемлекеттік әріптес пен жеке серіктестің құқықтары мен міндеттері келісімде айқындалатынын белгіледі.

Ресей Федерациясындағы осы саладағы қатынастарды құқықтық реттеудің негізін құрайтын нормативтік құқықтық актілер жүйесі олардың түрлері мен формалары бойынша айырмашылықтары негізінде, сондай-ақ мемлекеттік биліктің әртүрлі деңгейлері мен жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруды ескере отырып құрылады [11]. Ресейде: 2015 жылғы 13 шілдедегі № 224-ФЗ «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, Ресей Федерациясындағы муниципалды-жеке серіктестік және Ресей Федерациясының жекелеген заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Федералдық заң, 2015 жылғы 21 шілдедегі «Концессиялық келісімдер туралы» № 115-ФЗ Федералдық заң, Ресей Федерациясы мен субъектілерінің басқа федералдық заңдары мен нормативтік құқықтық актілері қабылданды. Заң шығарушы Ресей Федерациясының Үкіметі немесе оның атынан уәкілетті федералды атқа-

рушы орган немесе федералды аумақтың мемлекеттік органы немесе Ресей Федерациясының субъектісінің мемлекеттік билігінің жоғарғы атқарушы органы немесе оның атынан Ресей Федерациясының субъектісінің атқарушы билігінің уәкілетті органы болып табылатын Ресей Федерациясының субъектісі мемлекеттік серіктес болып табылатындығын анықтады. Муниципалитет, оның атынан муниципалитеттің басшысы немесе муниципалитеттің жарғысына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқарудың басқа уәкілетті органы сөйлейді. Жеке серіктес — федералды заңға сәйкес келісім жасалған ресейлік заңды тұлға (3-бабы). Ресей Федерациясында заң шығарушы мемлекеттік және жеке серіктестердің құқықтары мен міндеттерін белгілейді және оларды мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы келісімнің объектісіне байланысты келісімде нақтылауға мүмкіндік береді.

#### *Талқылау*

Беларусь пен Ресей заңнамасында жалпы тәсілдер басым: бұл арнайы уәкілетті мемлекеттік орган (ұйым) және жергілікті билік және басқару органдары. Қазақстан Республикасының заңнамасында дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 50% және одан да көп мемлекетке тікелей немесе жанама тиесілі уәкілетті заңды тұлға мемлекеттік әріптес ретінде әрекет етеді. Жеке әріптесті айқындау кезінде беларусь және қазақстандық заң шығарушы жалпы тәсілді қолданады: бұлар мемлекеттің бақылауындағы (мүлкі (үлестері, акциялары 50% -дан астамы) мемлекет меншігінде болатын) қоспағанда, коммерциялық шаруашылық жүргізуші субъектілер (ұлттық және шетелдік). Ресейлік заң шығарушы жеке серіктес ретінде тек ресейлік заңды тұлғаны қарастырады. МЖӘ-ні айқындауға қатысты барлық елдер ортақ тәсілді қолданады және МЖӘ-ні мемлекеттік және жеке әріптестердің ресурстарын біріктіруді және олардың арасында тәуекелдерді міндетті бөлуді қамтитын заңды рәсімделген шарт ретінде қарастырады. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамасында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті қолдану салаларын айқындау бойынша да айырмашылықтар бар: Беларусь Республикасы МЖӘ-ні алып қоймай жүзеге асыру қызметінің салаларын айқындайды; Ресей заң шығарушысы берілуі мүмкін объектілерді анықтайды; Қазақстан Республикасында да МЖӘ-ге байланысты тиісті қызмет салалары айқындалған.

ЕАЭО елдеріндегі МЖӘ институтының құқықтық табиғатын талдай отырып, МЖӘ келісімін жасасуға болатын объектілердің тізбесі әртүрлі екенін, МЖӘ нысандарын айқындай отырып, МЖӘ бірыңғай терминологиялық базасы құрылмағанын, жеке әріптестер үшін бірыңғай кепілдіктер жоқ екенін атап өткен жөн. Жүргізілген салыстырмалы-құқықтық талдау негізінде ЕАЭО елдерінің ұлттық заңнамасының ерекшелігіне қарамастан МЖӘ жобаларын іске асырудың бірыңғай кезеңдерінің болуы байқалады. МЖӘ институты Беларусь Республикасының, Ресей Федерациясының, Қазақстан Республикасының және Қырғызстан Республикасының заңнамасында көзделеді, бірақ аталған мемлекеттердің ешқайсысында МЖӘ контурында әкімшілік және басқарушылық байланыстар қалыптаспаған, МЖӘ жобаларын іске асыруға байланысты мемлекеттік әріптес пен жеке әріптес арасында тәуекелдерді бөлудің тәсілдері айқындалмаған, бұл МЖӘ-нің әртүрлі нысандарына қатысты теориялық және қолданбалы мәселелерді тудырады.

Осы институттың зерттеуі шеңберінде атап өтілгендерден басқа да маңызды проблемаларға мыналар жатқызылуы тиіс: өзіне қатысты келісімдер жасалуы мүмкін объектілер тізбесін ұлғайту қажеттілігі; жария-жекешелік әріптестікті ұйымдастыру және жүзеге асыру кезінде әкімшілік іс-қимылдар жасау реттілігін регламенттеу; жария-жекешелік әріптестік жобаларының тиімділігін бағалаудың және конкурстық іріктеудің бірыңғай әдістемесін енгізу.

#### *Қорытынды*

Соңғы жылдары МЖӘ жобаларын дамыту мен іске асыруда оң үрдіс байқалады, мысалы, бюджеттен ішінара өтелетін немесе өтелмейтін жобалардың ұлғаюы.

Коронавирус пандемиясымен байланысты экономикалық дағдарыс Қазақстанның экономикалық өсуінің дамуында өз ізін қалдырды. Экономиканы қалпына келтіру үшін ел үкіметі бірнеше шешім қабылдады және олардың бірі мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту болды. Бұл кезеңде денсаулық сақтау, білім беру, сондай-ақ энергетика және ТКШ саласындағы жобалар ерекше өзекті болды. Бірлескен кәсіпорындар кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет саласында және сумен жабдықтау секторында да жұмыс істейді.

Заңнаманың ережелерін және инвестициялық климатты қалыптастыру үшін қажетті институционалдық ортаның жұмыс істеуін талдау құқықтық тәуекелдер мәселесі елде жұмыс істейтін инвесторлар үшін өзекті болып қала беретінін көрсетеді. Санкциялар жағдайында мемлекеттік-жекешелік

әріптестік жобаларына қатысқан ірі инвесторлардың мүдделері саяси шешімдерге байланысты заңмен қорғалмайды. Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің қалыптасқан құқықтық модельдері бизнес-модельдерге сәйкес келмейді. Бизнеске қолданылатын мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің құқықтық модельдерінің көпшілігі заңнаманы тиімді іске асыру проблемаларына тап болады. Бизнес пен билік серіктестігінің тиімді жұмыс істеуі үшін жекелеген қиындықтар монополияға қарсы қызмет пен ішкі кірістер қызметін заңсыз әрекеттерімен жасайды. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасында төрелік жағдайлар бойынша нақты ұстанымның болмауы инвестициялық ахуалды да нашарлатады. Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің құқықтық нысандарын талдау олардың барлығының дербес белгілері бар екенін көрсетеді, оларды практикада есепке алу олардың қолдану нүктесін анықтайды (жер қойнауын пайдалану, инфрақұрылымды дамыту және т.б.).

Әрине, аталған проблемалар, толық емес. Алайда оларды іске асыру Қазақстанның ғана емес, ЕАЭО елдерінің экономикасындағы жария-жекешелік әріптестік институтының сапалы дамуына ықпал етеді, мемлекет пен инвесторлардың шығыстарын қысқартуға мүмкіндік береді, мемлекеттік басқарудың тұрақты жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік жасайды, бұл өз кезегінде жария-жекешелік әріптестік институтын басқарудың нысандары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Алтыбасарова М.А. Тенденция развития государственно-частного партнерства в Казахстане: сб. науч. ст. по итогам V Молодежного конкурса научных работ / М.А. Алтыбасарова, Д.Ж. Абдрахманова. — Волгоград: Науч. изд. центр «Абсолют», 2022. — С.174–179.
- 2 Chikanayev Sh. Partner of GRATA International Law Firm, LL.M. PublicPrivate Partnerships in Kazakhstan: Evolution of the Government Policy and Reality of PPP Deployment. Part II / Sh. Chikanayev // Научные труды «ӘДІЛЕТ». — 2021. — No 1. — P. 56–67.
- 3 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдау [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік: [www.akorda.kz/ru/events/astana\\_kazakhstan/astana\\_other\\_events/poslanie-glavy-gosudarstva-narodu-kazakhstan](http://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/astana_other_events/poslanie-glavy-gosudarstva-narodu-kazakhstan).
- 4 Реестр проектов государственно-частного партнерства [Электрон. текстовые данные]. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://kzppp.kz/>
- 5 Механизмы государственно-частного партнерства. Теория и практика: учеб. и практикум для вузов / под общ. ред. Е.И. Марковской. — М.: Юрайт, 2019. — 491 с.
- 6 Белицкая А.В. Правовое регулирование государственно-частного партнерства / А.В. Белицкая. — М.: Статут, 2012. — 191 с.
- 7 Хатаева М.А. Законодательство о государственно-частном партнерстве в Российской Федерации: проблемы, тенденции, перспективы / М.А. Хатаева // Журн. рос. права. — 2008. — № 10. — С. 156–167.
- 8 Якунин В.И. Партнерство в механизме государственного управления / В.И. Якунин // Социол. исслед. — 2007. — № 2. — С. 58–68.
- 9 Емельянов Ю.С. Государственно-частное партнерство в инновационной сфере: зарубежный и российский опыт / общ. ред. и предисл. С.Н. Сильвестрова. — М.: ЛИБРОКОМ, 2012. — 256 с.
- 10 Мочальников В.Н. Государственно-частное партнерство: отечественный опыт, мировые тенденции, вектор развития для России / В.Н. Мочальников. — М.: Экономика, 2012. — 351 с.
- 11 Сиваев С.Б. Государственно- и муниципально-частное партнерство в России и за рубежом / С.Б. Сиваев, Э. Маркварт. — М.: Дело; РАНХиГС, 2018. — 404 с.

А.А. Курманов, С.Б. Курманова

## Правовое регулирование государственно-частного партнерства

Развитие общественной инфраструктуры, в свою очередь, требует использования различных форм взаимодействия частного бизнеса и государства. Среди таких объектов — государственно-частное партнерство. Государственно-частное партнерство дает положительные результаты, такие как привлечение инвестиций, экономия бюджетных ресурсов, стимулирование конкуренции и предпринимательской активности. Благодаря успешному применению во многих развитых государствах, его регулирование нашло свое место и в нормативных правовых актах страны. Так, по информации КаЗАСТ, только в сфере образования до 1 июня 2020 г. заключено 786 договоров государственно-частного партнерства. Это составляет 56 % от числа всех заключенных договоров. Цель настоящей статьи — проанализировать особенности нормативно-правового регулирования различных правовых форм государственно-частного партнерства. Авторы всесторонне исследуют, формулируют и раскрывают содержание принципов правового регулирования публично-частного партнерства. По данному вопросу исследованы существующие в научной литературе позиции, рассмотрены их новые представ-

ления по указанной проблеме. Проанализированы нормативные акты международных организаций, а также стран ЕАЭС, экономика которых тесно взаимосвязана. Доказано, что такие принципы, как исходные принципы, положения, выражающие сущность института государственно-частного партнерства, должны быть законодательно закреплены для обеспечения единообразия правового регулирования. В результате проведенной работы были раскрыты механизмы правового регулирования, их преимущества и недостатки, которые сопоставлены с опытом других стран.

*Ключевые слова:* публично-частное партнерство, государственно-частное партнерство, принципы правового регулирования, принципы государственно-частного партнерства, задачи, субъекты, регулирование, частный партнер, ЕАЭС.

A.A. Kurmanov, S.B. Kurmanova

## Legal regulation of public-private partnership

The development of public infrastructure requires the use of various forms of interaction between private business and the state. Among such facilities is a public-private partnership. Public-private partnership gives positive results, such as attracting investments, saving budget resources, stimulating competition and entrepreneurial activity, thanks to its successful application in many developed countries, its regulation has found its place in the country's regulatory legal acts. Thus, according to Kazakh Public-Private Partnership Center, 786 public-private partnership agreements have been concluded in the field of education alone until June 1, 2020. This represents 56 percent of all contracts concluded. The purpose of the article is to analyze the legal aspects of regulation of public-private partnership. In the article, the author comprehensively explores, formulates and reveals the content of the principles of legal regulation of public-private partnership. On this issue, the existing positions in the scientific literature will be analyzed; their new ideas on this issue will be considered. The normative acts of international organizations, as well as the EAEU countries, economies of which are closely interconnected, are analyzed. It is proved that such principles as the initial principles, provisions expressing the essence of the institution of public-private partnership should be legislatively fixed to ensure uniformity of legal regulation. As a result of the work carried out, the mechanisms of legal regulation will be disclosed, compared with the experience of other countries, the advantages and disadvantages will be discussed.

*Keywords:* public-private partnership, state-private partnership, principles of legal regulation, principles of public-private partnership, tasks, subjects, regulation, private partner, EAEU.

## References

- 1 Altybasarova, M.A. & Abdrahmanova, D.Zh. (2022). Tendentsiia razvitiia gosudarstvenno-chastnogo partnerstva v Kazakhstane: sbornik nauchnykh statei po itogam V Molodezhnogo konkursa nauchnykh rabot [The trend of development of public-private partnership in Kazakhstan]. Volgograd: Nauchnyi izdatelskii tsentr «Absoliut» [in Russian].
- 2 Chikanayev, Sh. (2021). Partner of GRATA International Law Firm, LL.M. PublicPrivate Partnerships in Kazakhstan: Evolution of the Government Policy and Reality of PPP Deployment. Part II. *Nauchnye trudy «ADILET» — Scientific works of “ADILET”*, 1, 56–67.
- 3 2015 zhylygy 30 qarashadagy Qazaqstan khalqyna zholdau [Message to the People of Kazakhstan dated November 30, 2015] [www.akorda.kz/ru](http://www.akorda.kz/ru). Retrieved from: [www.akorda.kz/ru/events/astana\\_kazakhstan/astana\\_other\\_events/poslanie-glavy-gosudarstvaronodu-kazahstana](http://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/astana_other_events/poslanie-glavy-gosudarstvaronodu-kazahstana) [in Kazakh].
- 4 Reestr proektov gosudarstvenno-chastnogo partnerstva [Register of public-private partnership projects]. [kzppp.kz](http://kzppp.kz). Retrieved from: <https://kzppp.kz/> [in Russian].
- 5 (2019). Mekhanizmy gosudarstvenno-chastnogo partnerstva [Mechanisms of public-private partnership]. E.I. Markovskaia (Ed.). Moscow: Yurait [in Russian].
- 6 Belitskaia, A.V. (2012). Pravovoe regulirovanie gosudarstvenno-chastnogo partnerstva [Legal regulation of public-private partnership]. Moscow: Statut [in Russian].
- 7 Khataeva, M.A. (2008). Zakonodatelstvo o gosudarstvenno-chastnom partnerstve v Rossiiskoi Federatsii: problemy, tendentsii, perspektivy [Legislation on public-private partnership in the Russian Federation: problems, trends, prospects]. *Zhurnal rossiiskogo prava — Journal of Russian Law*, 10, 156–167 [in Russian].
- 8 Yakunin, V.I. (2007). Partnerstvo v mekhanizme gosudarstvennogo upravleniia [Partnership in the mechanism of public administration]. *Sotsiologicheskie issledovaniia — Sociological research*, 2, 58–68 [in Russian].
- 9 Emelianov, Yu.S. (2012). Gosudarstvenno-chastnoe partnerstvo v innovatsionnoi sfere: zarubezhnyi i rossiiskii opyt [Public-private partnership in innovation: foreign and Russian experience]. S.N. Silvestrov (Ed.). Moscow: LIBROKOM [in Russian].
- 10 Mochalnikov, V.N. (2012). Gosudarstvenno-chastnoe partnerstvo: otechestvennyi opyt, mirovye tendentsii, vektor razvitiia dlia Rossii [Public-private partnership: domestic experience, global trends, development vector for Russia]. V.N. Mochalnikov (Ed.). Moscow: Ekonomika [in Russian].
- 11 Sivaev, S.B. & Markvart, E. (2018). Gosudarstvenno i munitsipalno-chastnoe partnerstvo v Rossii i za rubezhom [Public and municipal-private partnership in Russia and abroad]. Moscow: Delo; RANKhiGS [in Russian].